«Бекітілді______________
«Жауқазын » бөбекжай бақша
меңгерушісі міндетін
атқарушы: Аманова М.Ж

«Келісілді»__________________
«Жауқазын» бөбекжай бақша
әдіскері : С.О.Шамганова

# Вариативтік компонент

## «Дәстүрден тыс сурет салу»
## Ортаңғы «Балауса» тобы

**Тәрбиешілер: Амирова А.**
**Орынбаева Г.**

**2021-2022 оқу жылы**

## Түсінік хат

Ересек топ балаларының жас деңгейіне сәйкес, жас ерекшеліктері ескеріліп дайындалған. Балалардың көркемдік талғамын және эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда маңызды орын алатын қол өнерінің бағыттарымен жасалды. Білім алу барысында балалардың әр түрлі материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырумен қатар , жұмыс барысында өзіндік қасиеттерге, еңбекте шыдамдылық дағдысына, жауапкершілікке, үнемділікке қажетіне қарай кез келген іске кірісе кету қабілетін, оны орындауда табандылыққа үйренеді, сондай-ақ көз мөлшерін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамытып, қимыл-қозғалыс икемділігі дамиды. .

**Сурет салу өнерін үйретуге төмендегідей мақсат қойдым:**
- Сурет салу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сезімдік эмоционалдық ортасымен эстетикалық талғамын және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

**Алдымызға қойған бағытымыз:**
Сурет салу іс-әрекеті арқылы, балаларды жан – жақты дамыта отырып тәрбиелеу;
**Алға қойылған мақсатты жүзеге асыруда мынандай міндеттерді аламыз:**

- балалардың сурет салуға деген қызығушылығын қалыптастыру;
- эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- көркемдік талғамын арттыру;
- шығармашылық қабілеті мен қиялын дамыту;
- өзінің ойын, қиялын көркемделген түрде іске асыру дағдаларын дамыту.

Бұл бағдарлама ересек кезеңіндегі балаларға шығармашылық білім беру саласында ұйымдастырылған. Дәстүрден тыс сурет салу оқу қызметінің негіздерін беруге арналған, бағдарлама 1 жылға 36 сағат болып бірнеше тақырыптар қамтылды.

Балалар әр түрлі материалдардан, дәнді дақылдардан, керексіз заттармен, ермексазбен жұмыс жасау арқылы заттың жеке бөліктері, ерекшеліктерін, сипатын ашып беруге білуге, іскерлікке үйренеді.

Балаларды өздік жұмысқа үйретіп шығармашылығы мен ой-қиялдарын дамытып, ойын өз бетімен іске асыруға деген тілегін, ынтасын арттырады. Сондықтан бұл бағдарлама ересек тобы тәрбиешілеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады.
Заманымыздың дамуына орай қол өнері алғы орынды иеленіп отыр. Балалар осы өнер арқылы өзін қоршаған ортаны түсіне және сүйе біледі.
Балалардың ұсақ моторикасын дамыту – ондаған жылдар бойы психологиялық – педагогикалық зерттеулерде өзектілігін жоймай келеді. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту саусақ ойындары арқылы, арнайы ойыншық құрылғылар арқылы, қолөнер арқылы жолға қойылуда.

**Пайдаланған әдебиеттер**

https://infourok.ru/dstrden-tis-suret-salu-tehnologiyasi-3797725.html сайты
https://infourok.ru/suret-saludi-dstrden-tis-disteri-521116.html сайты

| № | Айы | тақырыбы | Білім беру саласы: "Шығармашылық" Вариативтік компонент тақырыбы: «Дәстүрден тыс сурет салу арқылы балалардың шығамашылық қабілетін дамыту» | | ҰОҚ саны | Күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мақсаты** | **Көрнекі құралдар** | | |
| 1. | ҚЫРКҮЙЕК | **«Көңілді бояулар»** | Балаларды сурет салуға қызығушылығын ояту, түслі түсті субояқтармен таныстыру. | ақ қағаз, түрлі түсті бояулар, | 1 | |
| 2. | | **«Алақанмен сурет салу әдісі»** «Күн» | Алақанмен күнді бейнелеу. Алақан арқылы салынатын суреттің түрлерімен таныстырып, салу жолдары түсініктерін кеңейту.Алақанмен сурет салу техникасын үйрету. Балаларды алақандарын бояуға батырып, саусақтарының арасын біріктіріп қағазға ізін қалдыруды үйрету. | Балаларға жеткілікті қағаздар, гуашь, сүрткіш. | 1 | |
| 3 | | **«Мақталы таяқшамен сурет салу әдісі»** «Күзгі ағаш» | Күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары сарғайып түсетіні туралы мағлұмат беру. Балаларға мақталы таяқшамен қалай сурет салатынын таныстырып түсіндіру. Сурет салу іскерліктерін дамыту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу. | Қоңыр,сары түсті гуашь, қылқалам, бала басына ағаштың діні бейнеленген сурет, сүрткіш. | 1 | |
| 4 | | **«Бастыру әдісі»** «Көкөністер» | Көкөністер мен жемістерді ажыратып, тану, оларды түсіне, пішініне, дәміне қарай салыстыра білуге үйрету.Тиянақты, ұқыпты жұмыс жасауға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйренеді | Көкөніс муляждары, бояу, қағаз, сүрткіш. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ҚАЗАН | **«Нүктелер арқылы сурет салу (Мақталы таяқша)** «Қолшатыр» | Балаларды қалыпты пайдаланып, басу әдісі бойынша сурет салуға үйрету. Безендіру үшін өрнекті өздері таңдап алуларына мүмкіндік беру. Мақта таяқшаларымен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. | Қолшатыр суреттері, бояулар, мақта таяқшалары, сүрткіш. | 1 | |
| . | | **«Күз сыйлығы»** | Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Ермексаз еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету. | Ермексаз, тақтайша, сүрткіш. | 1 | |
| . | | **«Қайық»** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қиылған әртүрлі геометриялық пішіндерден өз ойларынан үлгіге қарай отырып әртүрлі пішіндерді жасай білуге үйрету, жазықтықты бағдарлай білуін дамыту, бастаған іс-әрекетін соңына дейін аяқтауға дағдыландыру | Түрлі түсті қағаздар, желім, сулық | 1 | |
| 3 | | **«Бастыру әдісі»** «Жапырақпен» бастыру | Күз мезгіліндегі өзгерістермен таныстыра отырып жапырақтың бейнесін бастыру. | Кептірілген жапырақтар, бояулар,қылқалам. | 1 | |
| 9. | ҚАРАША | **Граттаж «Тырнау әдісі»** «Кірпі» | Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Тырнау әдісі арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | | 1 | |
| 0. | | **Пластилиног-рафия** «Вазадағы жемістер» | Дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына машықтандыру. | Ермексаз, тақтайшалар, сулықтар,жемістер бейнеленген сурет. | 1 | |
| 1. | | **Коктейльдің трубкасымен сурет салу.**«Ағаштарды | Бейнені қағаз бетіне әдемі салуға үйрету. Дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып, суретті қағаз бетіне түсіру. Көркемдік қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаның әдемілігін сезімталдықпен түсіне білуге тәрбиелеу. | Үлгі сурет, су ыдысы, қол сүлгі, қоңыр бояу, көктейль трубкасы. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | ҚАЗАН | **«Нүктелер арқылы сурет салу (Мақталы таяқша)»** «Қолшатыр» | Балаларды қалыпты пайдаланып, басу әдісі бойынша сурет салуға үйрету. Безендіру үшін өрнекті өздері таңдап алуларына мүмкіндік беру. Мақта таяқшаларымен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. | Қолшатыр суреттері, бояулар, мақта таяқшалары, сүрткіш. | 1 | |
| 6. | | **«Күз сыйлығы»** | Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Ермексаз еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету. | Ермексаз, тақтайша, сүрткіш. | 1 | |
| 7. | | **«Қайық»** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қиылған әртүрлі геометриялық пішіндерден өз ойларынан үлгіге қарай отырып әртүрлі пішіндерді жасай білуге үйрету, жазықтықты бағдарлай білуін дамыту, бастаған іс-әрекетін соңына дейін аяқтауға дағдыландыру | Түрлі түсті қағаздар, желім, сулық | 1 | |
| 8 | | **«Бастыру әдісі»** «Жапырақпен» бастыру | Күз мезгіліндегі өзгерістермен таныстыра отырып жапырақтың бейнесін бастыру. | Кептірілген жапырақтар, бояулар,қылқалам. | 1 | |
| 9. | ҚАРАША | **Граттаж «Тырнау әдісі»** «Кірпі» | Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Тырнау әдісі арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | | 1 | |
| 10. | | **Пластилиног-рафия** «Вазадағы жемістер» | Дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына машықтандыру. | Ермексаз, тақтайшалар, сулықтар,жемістер бейнеленген сурет. | 1 | |
| 11. | | **Коктейльдің трубкасымен сурет салу.**«Ағаштарды | Бейнені қағаз бетіне әдемі салуға үйрету. Дәстүрден тыс әдісті пайдалана отырып, суретті қағаз бетіне түсіру. Көркемдік қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаның әдемілігін сезімталдықпен түсіне білуге тәрбиелеу. | Үлгі сурет, су ыдысы, қол сүлгі, қоңыр бояу, коктейль трубкасы. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнелеу» | | | | |
| 12. | ЖЕЛТОКСАН | **«Кесені әшекелейміз» (Паралонмен бастыру)** | Балаларды кеселер суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. Ұлттық ою-өрнегі жайлы түсін кеңейту. сәндік өнер туралы білімдерін нақтылау; ыдысты әшекейлей білуді үйрету; ою-өрнектерді ажырата білуді үйрету. | Паралон, түрлі-түсті бояу, өю—өрнек. | 1 | |
| 13. | | **«Қар кесегі»** | Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды.Қарды орналастыра білу,түсті сезіне білуге баулу. | | 1 | |
| 14. | | **«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр» (Мақталы таяқша)** | Балаларға жыл мезгілдерінің өзгеруіне көңіл бөлуге үйрету. Түстердің үйлесімдігіне назар аударуды үйрету . Таяқшаларды пайдаланып қар салуды үйрету.Табиғаттың тіршілігіне және қоршаған ортаны қорғауға деген жоғарғы адамгершілік сезімдері мен жауапкершілігін дамыту. | Бояу,  мақта таяқшалары, қағаз, сүрткіш. | 1 | |
| 15. | | **Манка жармасын пайдалану арқылы сурет салу** «Аққала» | Қыс көрінісі. Қыс мезгілінің ерекше құбылыстарымен таныстыру. Сурет салуға деген қызығушылықтарын ояту. Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға машықтандыру. Қажетті құрал жабдықтармен дұрыс жұмыс жасауға үйрету. Сурет салу барысында балаларға әсемдікті, таза орындауды үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Қағаз, манка жармасы, қылқалам, желім, сүрткіш. | 1 | |
| 16 | | **«Әсем шырша»** | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қиылған  әртүрлі геометриялық пішіндерден  өз ойларынан  үлгіге қарай отырып әртүрлі  пішіндерді жасай білуге  үйрету, жазықтықты бағдарлай  білуін дамыту, бастаған іс-әрекетін  соңына дейін аяқтауға дағдыландыру | Түрлі түсті қағаздар, желім, сулық | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 17. | ҚАҢТАР | **«Нүктелер арқылы сурет салу (Мақталы таяқша)** «Қолғап» | Балаларды қалыпты пайдаланып, басу әдісі бойынша сурет салуға үйрету. Безендіру үшін ернекті өздері таңдап алуларына мүмкіндік беру. Мақта таяқшаларымен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. | мақта таяқшаларымен, қағаз, бояулар, сүрткіш. | 1 | |
| 18 | | **Ниткография әдісі «Аққала»** | Балаларға сурет салуды үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Жіптермен жұмыс жасауға үйрету. | Жіп, желім, сүрткіш, шырша мен аққала суреті,қайшы. | 1 | |
| 19. | | **Қылқаламмен жұмыс «Қысқы шыршалар»** | Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, балауызбен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. | Бояу, шыршабейнеленген суреттер, сүлгі. | 1 | |
| 20 | | **Дақ графикасы. «Көбелек»** | Балаларға дақтық графика туралы түсінік қалыптастырып, оның салыну әдістерімен таныстыру. Кәсіби шығармашылық жұмыстарға бағыттап сауатты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дақтық графиканы салу кезінде әсемдікке және шеберлікке, жұмыс барасында таза жұмыстануға баулу. | Қағаз, бояулар, қылқалам, сүрткіш. | | |
| 21 | АҚПАН | **«Әдемі көйлек»** | Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мөртаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу. | Түрлі-түсті боулар, қағаз, сүрткіш. | 1 | |
| 22. | | ***Саңырауқұлақ (Мақталы таяқша)*** | Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру, сопақша жән жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретне мақталы таяқша арқылы ақ дақтарды салу.Эстетикалық талғамын дамыту. | Мақталы таяқша, саңырауқұлақ суреті,бояулар, сүрткіштер. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 23. | | **Гүлдің күлшелерін салу. (Шармен)** | дала гүлдері мен бөлме гүлдерінің ерекшелігі туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктердің пайдасы туралы ойларын толықтыру. Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы гүлдердің бейнесін салуды түсіндіру және бояу түстерін үйлесімді қолдана білуге жаттықтыру | гүл күлшелері, сандар, суреттер. | 1 | |
| 24. | | **«Түлі түсті орамал» (Паралон арқылы бастыру)** | Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу. | Паралон, қағаз,бояулар. | 1 | |
| 25 | **НАУРЫЗ** | **«Көктемгі көрініс»** (Бормен сурет салу) | Балаларға сурет салуды үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | Түрлі – түсті борлар, желім, көктем бейнесі салынған сурет. | 1 | |
| 26. | | **Мақталы таяқша «Әдемі гүл»** | Балаларға сурет салуды үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | Гүлдер суреті, Мақталы таяқша, бояу, сулық. | 1 | |
| 27 | | **«Кемпірқосақ»** (Паралон арқылы) | Кемпірқосақтың түстерінің орналасу ретімен таныстыру; акварель бояулармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; композиция құра білуге үйрету; табиғатты аялауға тәрбиелеу. | Кемпірқосақтың суреті;қағаз,бояу, паралон | 1 | |
| 28 | | **Пластилинография** «Бәйшешек гүлі» | Пластилинография. Дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларына машықтандыру. Олардың қолданылуы туралы түсінік беру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту,саусақтарының икемділіктерін арттыру, Гүлдің түрлерімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. | Ермексаз, гүлдің суреті, сүрткіш | 1 | |
| 29 | **СӘУІР** | **«Құмырадағы гүлдер» (Алақанмен сурет салу әдісі)** | Алақан арқылы салынатын суреттің түрлерімен таныстырып, салу жолдары туралы түсініктерін кеңейту. Алақанмен сурет салу техникасын үйрету. | Қылқалам, қағаз, сүрткіш. | 1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Пластилинография** «Балапан» | Балаларға кесек ермексаздан балапан бейнесін мүсіндеуді үйрету; Қол-қимыл әрекеттерінің қозғалыштығын,үйлесімділігін дамыту.Ұқыптылыққа , әсемдікке тәрбиелеу; | Балапан суреті, ермексаз, тақтайша. | 1 | |
| | | **Ниткография** «Саңырауқұлақ» | Балаларға сурет салуды үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Жіптермен жұмыс жасауға үйрету. | Жіп, саңырауқұлақ суреті, желім, қылқалам | 1 | |
| | | **Паралон арқылы бастыру** «Ою – өрнек» | Түстер үйлесімділігін сақтай отырып, сәндік қолтаңбалы өнер сұлулығын сезінуге тәрбиелеу. Ұлттық оюлар: «қайнар», «қошқар мүйіз». | Ою-өрнек, паралон, бояу. | 1 | |
| 3 | **МАМЫР** | **«Нүктелер арқылы сурет салу (Ватный палочка)»** «Балық» | Балаларға сурет салуды үйрету,есте сақтау қабілетін дамыту, сурет салуда әртүрлі әдіс-тәсілдері қолдана білуге дағдыландыру. Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | Мақталы таяқша, балық суреті, сүрткіш. | 1 | |
| 4. | | **«Бормен сурет салу әдісі»** «Тасбақа» | Елестету мен шығармашыллық қабілетін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Тасбақа суреті, ір түрлі борлар, желім, сүрткіш. | 1 | |
| 5. | | **Дақ графикасы. «Божья коровка»** | Балаларға дақтық графика туралы түсінік қалыптастырып, оның салыну әдістерімен таныстыру. Кәсіби шығармашылық жұмыстарға бағыттап сауатты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дақтық графиканы салу кезінде әсемдікке және шеберлікке, жұмыс барасында таза жұмыстануға баулу. | Қағаз, бояулар, қылқалам, сүрткіш. | 1 | |
| 36. | | **Құм арқылы сурет салу** | Бала өзін жайлы , емін-еркін сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру. Қолдардың ұсақ қол мотоикаларын дамыту. | | 1 | |